

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

9. "Tengrinews." - URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-stolknutsya-defitsitom-gaza-2025-godu-minenergo-467256/
10. "Neftegaz." URL: <https://neftegaz.ru/news/transport-and-storage/771599-kazakhstan-nebudet-eksportirovat-gaz-zimoy-2023-2024-gg-iz-za-rosta-potrebleniya/>
11. "Нормативно-правовая база Республики Казахстан." - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001171/links>
12. "Нормативно-правовая база Республики Казахстан." - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000488>

ӘОЖ 553.33

ТЕҢІЗ ЖҮК ЛОГИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Асемхан Алина, Нурбекқызы Ақсунқар

aksunkar.nur14@gmail.com

6B04102-Экономика мамандығының 3-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Раимбеков Ж.С.

Теңіз тасымалы – тиімді және үздіксіз жүк тасымалдау жүйесі. Теңіз жүк тасымалы халықаралық саудада жаһандық көлемінің шамамен 85%-ын тасымалдау үлесін алады. Теңіз жүк тасымалы халықаралық сауданың дамуының іргетасы бола, тиімді және тұрақты халықаралық байланыстарды орнатуға тікелей әсер ететіні кеңінен мойындалған. Ол үлкен көлемдегі жүктерді ұзақ қашықтыққа тасымалдауға мүмкіндік береді. Жүктердің басым бөлігі шикі мұнай, мұнай өнімдер, сұйытылған табиғи газ және сусымалы химиялық өнімдер сияқты сұйық жүктерге қатысты. Теңіз көлігінің көлемі бойынша екінші орынды контейнерлер алады [1].

Теңіз тасымалы логистикасының ерекшеліктеріне қатысты мыналарды бөліп көрсетуге болады:

1. Маршрутты қалыптастырудағы икемділік. Теңіз кемелері жолдармен байланысты емес және белгілі бір жолды таңдауда жеткілікті еркіндікке ие;
2. Жеткізу болжамдарының дәлдігі. Заманауи технологиялар мен әдістер кемелердің портқа келу уақытын жеткілікті дәл есептеуге мүмкіндік береді;
3. Тасымалдау не арнайы кемелерде, не контейнерлерде жүзеге асырылады. Бір санаттағы жүктің үлкен партиясын тасымалдау қажет болса, жеке кемелерді жалдау тиімдірек. Контейнерлер мультимодальды тасымалдау немесе біріктірілген жүктерді жеткізу үшін жиі пайдаланылады [2].

Қазақстан экономикасындағы көлік-логистика саласы ерекше рөл алады. Еліміз Еуразия континентінің қақ ортасында орналасқан, кең көліктік және коммуникациялық желіні қамтамасыз етеді, бұл оны Еуропа-Азия трансконтиненталды көпіріндегі маңызды буынға айналдырады. Жақсы құрылған логистикалық жүйе мен инфрақұрылым Қазақстандағы индустриялық серпіліс үшін, логистикалық қажеттіліктерді тиімді қамтамасыз етуге қабілетті көлік жүйесінің эволюциясы дамуына әкеледі. Мемлекет басшысы теңіз көлігін дамытуға ерекше жолдардың бірі - Транскаспий бағытын дамудың айтқан болатын. Транскаспий халықаралық көлік жолы (ТХКЖ) - Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия арқылы Қытай мен Еуропа елдерін байланыстыратын халықаралық көлік дәлізі. Ол екі көлік түрін қамтитын мультимодальды маршрут: теміржол және теңіз. Бұл маршрут 10 мың шақырым теміржол желісі, 10 теңіз порт және 70 мың бірлік жылжымалы құрам кіреді. Қара теңізге Баку және Потти арқылы қосатын Транскаспий халықаралық көлік маршрутының тиімділігін арттыру өңірдің экономикасы мен халықаралық сауданың дамуына, сауда көлемін арттыруға, басқа мемлекеттермен қарымқатынас реттеу үшін қажет [3].

Кесте-1. ҚР Теңіз порттарын техникалық жабдықтаудың негізгі көрсеткіштері

	2018	2019	2020	2021	2022
Ақтау порты					
Жүк айлақтары					
Сан, бірлік	9	9	9	9	9
Жалпы ұзындық, сызықтық метр	1 446,0	1 446,0	1 408,0	1 446,0	1 446,0
оның ішіндім айлақ түрлері бойынша:					
<i>- Құрғақ жүк кемелері үшін:</i>					
сан, бірлік	4	4	4	4	4
жалпы ұзындық, сызықтық метр	550,0	550,0	550,0	550,0	550,0
<i>- Мұнай құю үшін:</i>					
сан, бірлік	4	4	4	4	4
жалпы ұзындық, сызықтық метр	756,0	756,0	728,0	756,0	756,0
<i>- Паром:</i>					
сан, бірлік	1	1	1	1	1
жалпы ұзындық, сызықтық метр	140,0	140,0	130,0	140,0	140,0
Теңіз порты флоты, бірлік	2	2	3	4	4
Құрық порты					
Жүк айлақтары					
сан, бірлік	4	4	4	4	4
жалпы ұзындық, сызықтық метр	696,0	696,0	696,0	696,0	696,0
оның ішіндім айлақ түрлері бойынша:					
<i>- Паром:</i>					
сан, бірлік	4	4	4	4	4
жалпы ұзындық, сызықтық метр	696,0	696,0	696,0	696,0	696,0
Теңіз порты флоты, бірлік	1	1	2	2	2
Ақтау теңізінің солтүстік терминалы					
Жүк айлақтары					
сан, бірлік	3	3	4	4	4
жалпы ұзындық, сызықтық метр	493,0	493,0	588,0	588,0	588,0
оның ішіндім айлақ түрлері бойынша:					
<i>- Құрғақ жүк кемелері үшін:</i>					
сан, бірлік	3	3	3	3	3
жалпы ұзындық, сызықтық метр	493,0	493,0	493,0	492,5	492,5
Теңіз порты флотына арналған айлақ					
сан, бірлік	-	-	1	1	1
жалпы ұзындық, сызықтық метр	-	-	95,0	95,5	95,5
<i>Ескерту - [3] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды</i>					

Кестедегі мәліметтерге сәйкес Ақтау портындағы жалпы жүк айлақтардың саны 2022-ші жылы 9 Құрық портында 4 және Ақтау теңізінің солтүстік терминалында 4 жүк айлақтарды құрағананың көреміз. Stat.gov.kz сайтындағы мәліметтеріне сәйкес 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда ішкі су көлігімен 762,2 мың тонна жүк тасымалданды, (2022 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 9,5%-ға ұлғайды) 121,1 мың жолаушы тасымалданды, (2022 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 15,4%-ға аз).

Кесте-2. ҚР Теңіз және жағалау көлігі қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	Нақты көлем, 2024ж.			Нақты көлем, 2023ж.		2023 жылға сәйкес кезеңге пайызбен үлесі.		Өткен айға пайызбен үлесі
	есепті ай	алдыңғы ай	жыл басынан бергі кезең	жыл басынан бергі кезең	есепті ай	жыл басынан бергі кезең	есепті ай	
Тауарларды, багажды, жүк-багажды тасымалдаудан түскен табыс, млн. Тенге	1 571,2	162,9	1 571,2	563,3	563,3	170,1	170,1	969,1
Жүргізуші (экипаж) бар көлік құралдарын лизингке беруден түскен табыс, млн. Тенге	2 220,0	2 445,0	2 220,0	4 746,5	4746,5	28,5	28,5	91,3
Тасымалданған жүк, багаж, жүк багажы, тыс. тонн	204,8	151,6	204,8	82,7	82,7	247,5	247,5	135,1
Жүк айналымы тарифные млн. т-км	130,9	132,7	130,9	41,2	41,2	317,3	317,3	98,6
Жеке меншік								
Тауарларды, багажды, жүк-багажды тасымалдаудан түскен табыс, млн. Тенге	1 571,2	162,9	1 571,2	563,3	563,3	170,1	170,1	969,1
Жүргізуші (экипаж) бар көлік құралдарын лизингке беруден түскен табыс, млн. Тенге	2 085,5	2 307,3	2 085,5	4 746,5	4746,5	26,8	26,8	90,8
Тасымалданған жүк, багаж, жүк багажы, тыс. тонн	204,8	151,6	204,8	82,7	82,7	247,5	247,5	135,1
Жүк айналымы тарифные млн. т-км	130,9	132,7	130,9	41,2	41,2	317,3	317,3	98,6
Шетелдік меншік								
Жүргізуші (экипаж) бар көлік құралдарын лизингке беруден түскен табыс, млн. Тенге	134,5	137,7	134,5	-	-	-	-	98,1
<i>Ескерту - [3] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды</i>								

Өңірлік бөліністе Stat.gov.kz сайтындағы мәліметтерге жүгіне отыра 2023 жылғы

қаңтар-желтоқсанда жүк айналымының ұлғаюы Шымкент (27,1%), Алматы (24,7%), Астана (15%) қалаларда және Павлодар (26,4%), Солтүстік-Қазақстан (12,6%), Батыс-Қазақстан (12%), Қызылорда (8,7%), Қарағанды (6,3%), Ақтөбе (4,4%), Қостанай (1,8%), облыстарында байқалады. Ал жолаушылар айналымы ең көп дәрежеде Алматы (27,6%), Астана (14,9%), Шымкент (9%) қалаларында және Атырау (28,2%), Шығыс-Қазақстан (27,1%), Солтүстік-Қазақстан (19,2%), Түркістан (14,5%), Қызылорда (11%), Алматы (7,8%), Қостанай (5,2%), Маңғыстау (0,6%), Ақтөбе (0,4%), облыстарында ұлғайды [4].

Контейнерлермен тасымалдау теңіз логистикасының маңызды іргетасы. Елімізде Ақтау мен Атырау халықаралық жүк тасымалдау қызметінде контейнермен тасымалдау жұмыс жасайды. Теңіз контейнерімен тасымалдау жүктерді қалааралық және халықаралық жеткізу үшін қолданылады. Жеткізудің бұл түрі үлкен көлемдегі өнімдерді тасымалдауға ыңғайлы және жерүсті тасымалдау бағытын анықтау қиын болған кезде контейнерлер топтық жүктерді жіберу үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай жүк тасымалдау құрлық арқылы жеткізуге қарағанда ұзақ уақыт алады, бірақ ол әлдеқайда арзан. Контейнерлер жүкті күн сәулесінің әсерінен және жауын-шашыннан сенімді қорғайды. Сонымен қатар, контейнер корпусы бұрмаланбайды, бұл оның ішіндегілерді ұрлауға жол бермейді. Контейнер түрі жүктің салмағы мен өлшемдеріне байланысты таңдалады. Ұзындығы 10, 20, 30 және 40 фут болатын модельдер бар, олар шамамен 3, 6, 9 және 12 метрге тең. Жаһандық контейнерлік тасымалдың өсу қарқыны әлемдік экономика мен сауданың өсу қарқынынан бірнеше есе жоғары. Бұл механизмнің тиімділігі бірқатар артықшылықтарға байланысты. Біріншіден, жүкті көліктің бір түрінен екіншісіне ауыстырып тиеудің жоғары жылдамдығы және жүктің қауіпсіздігі. Күрделі қайта тиеу мен қайта орауды жою арқылы тасымалдау әлдеқайда үнемді болады. Сонымен қатар, жүкті пайдалану жылдамдығы, артық орауды қоспағанда, жоғарылайды. Осылайша, порттағы транзиттік уақытты 3 есеге қысқартуға болады [5].

Бірақ елімізде теңіз логистиканы дамыту мен оның кейбір проблемаларын мен арнайы жобалық бағдарлама қажет ететіндігін байқаймыз. Теңіз тасымалдау индустриясының инфрақұрылымы негізгі мүдделі тараптардың әлсіз интеграциясы, теңіз логистикасының жеткіліксіз дамуы, білікті мамандардың өткір тапшылығы, Әзірбайжан мен Грузияның Орта Азиядағы транзиттік инфрақұрылымының жеткіліксіз дайындығы сияқты мәселелерге тап болудамыз. Бұл транзиттік тасымалдау түрін еліміз үшін экономикалық өсу мүмкіндігі ретінде қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз.

Бұл әлеуетті арттыру үшін парктер мен жабдықтарды жаңартуға және кеңейтуге, білікті жұмыс күшін қамтамасыз етуге, байланыс пен өнімділікті арттыруға, бәсекелестікті арттыруға инвестициялауды қамтиды. Теңіз логистикасының инфрақұрылымды жаңарту, жаңа нысандар салу және теңіз байланыстарын жақсарту. Тағы бір құрал цифрландыру болмақ, яғни тауарларды қадағалауды жақсарту, қажет гаджеттар мен қосымшалар жасау және кешігу немесе жоғалту қаупін азайту үшін GPS қадағалау, RFID және блокчейн сияқты цифрлық технологияларды қолдану. Келесі аспект – кедендік рәсімдерді жеңілдету. Олардың қатарында кедендік процестерді оңтайландыру, құжаттамаға қойылатын талаптарды азайту және кедендік ресімдеу процесін жеделдету үшін электронды жүйелерді енгізу кіреді. Салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және жеңілдетілген әкімшілік рәсімдер.

Жоғарыда атап кеткен шешу жолдарын іске асыру арқылы осындай келесі нәтижелерге жетеді деген үміттеміз. Порттар мен нысандар саны әртүрлі жаңа кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес өсуіне әкеледі. Бұл жаңа жұмыс орындарының ашылуы, табыс арттыруы, жергілікті бюджетке салық салынуы Ақтау қаласының көркеюіне, инфрақұрылымның модернизациялануына жол ашады. Теңіз тасымалдауының дамуына басқа елдермен экономикалық ынтымастық қарым-қатынасқа жақындауға, халықаралық сауда өнімдерді сыртқа шығарып экспорт пен импорт өсуіне жол ашады.

Қорытындылай келе, осы ұсынып отырған іс-шаралар арқылы тұрақты экономикалық өсу үшін маңызды болып табылатын жаһандық нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге, халықаралық сауданы дамытуға, аймақтық интеграцияға, экономиканы әртарапандыруға, жұмыс орындарын құруға және тиімділікті арттыруға ықпал етуге болады. Мақалада айтылған

мәселелер және олардың тиімді шешімдері Қазақстан нарығына қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада оң әсер етеді және оның инновациялық белсенділігін күшейтеді. Соңғы нәтижеге орай, логистика қалады және экономикалық өсудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын өзінің дамуына ықпал көрсете алатын жоғары деңгейі бар рентабельді және өзін-өзі қамтамасыз ететін салаға айналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Раимбеков Ж. С., Сыздықбаева Б. Ұ. Логистика негіздері: оқулық, Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2016 жыл. – 178 б.
2. Буланова М.С. Особенности логистики морских грузоперевозок в контексте актуальных проблем в международной торговле // Молодой ученый. — 2022. — № 42 (437). — С.283-288. — URL: <https://moluch.ru/archive/437/95631/>
3. Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ). <https://ptlc.ru/geography/transkaspiskiye-mezhdunarodnyy-transportnyy-marshrut-tmtm/>
4. Көлік. Жарияланымдар. <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-transport/publications/>
5. Искалиев Е.С. Создание транспортно-логистических хабов - фундамент развития экономики Казахстана. <https://mangystau.invest.gov.kz/ru/media-center/business-economics-finance/28567/>

ӘОЖ (338)

БИЗНЕСТІ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ахметкәрімова Құндыз Маратбекқызы

Экономика мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,
kunduzka_96@mail.ru

Батталова Гайникен Бердибековна

жас ғалым, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,
kunduzka_96@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Егембердиева С.М.

Бүгінгі таңда Үкімет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бойынша түрлі шаралар белсенді жүргізуде. 2024 жылғы 06 сәуірде қолайлы бизнес ортаны қалыптастыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Заңнамалық өзгерістермен қатар көптеген жылдар бойы кәсіпкерлерге қаржылық қолдау шаралары көрсетіліп келеді.

Өз тиімділігін көрсеткен «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылды. Ол кейіннен мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзгерістеріне байланысты 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаға айналды.